

Қамқоршылық Кеңес отырысы
Хаттама №

Қатысушылар:

Қамқоршылық Кеңес төрайымы - А.Т.Нурғалиева

Директор – Г.К.Шакенова

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – В.С.Габитова

Әлеуметтік педагог – Н.М.Сайнғалиева

«Қалалық қазақ саңыраулар қоғамы мәдениет үйі» КММ директоры –
Г.С.Биржанова

Қазақ соқырлар қоғамының төрайымы Даметкен Сапарғалиевна

Күн тәртібі

1. ҚР Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған іс-шаралар және Жаңа Жыл мерекесінің ұйымдастырылуы. **Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары В.С.Габитова.**

2. «Қамқорлық» атты қайырымдылық акциясы. **Әлеуметтік педагог Н.М.Сайнғалиева.**

3. Желтоқсан-қаңтар айында мекемеде ұйымдастырылған жұмыстардың есебі. **Директор Г.К.Шакенова.**

4. Әртүрлі мәселелер.

Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары В.С.Габитова сөз алды:

«ҚР Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай мекемеде көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды. Соларды айта кететін болсақ, балалар арасында мәнерлеп оқу, сурет салу сайыстары, жоғарғы буын оқушылары арасында интеллектуалдық ойындар, тәрбие сағаттары және т.б. шаралар ұйымдастырылды. Осы аталған мерекеге байланысты Сағи Жиенбаев атындағы қалалық ктiапхана қызметкерімен «Рәміздер тарихы. Ел тарихы» атты кездесу ұйымдастырылды. Сонымен қатар, есту мүмкіншілігі шектеулі оқушылар арасында «Творчество в мире тишины» атты Қазақ саңыраулар қоғамы мәдениет үйі ұйымдастырған көрме байқауына да оқушыларымыз қатыстырылды. Аталған шараға біздің мекемеден 49 шығармашылық жұмыс ұсынылды. Көрме байқауында оқушыларымыз жақсы нәтижеге қол жеткізді. Бейнелеу өнері бойынша жүлделі орындар, сыйлықтар, алғыс хаттармен марапатталды.

Сондай-ақ ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы және Жаңа Жыл мерекесі қарсаңында «Добро» атты еріктілер клубы Қарттар үйіне арналған ашық хаттар акциясына мектеп оқушылары мен тәрбиешілері белсене қатысты.

Денсаулық сақтау министрлігі, санитарлық эпидемиологиялық бақылау комитеті мектепте Жаңа Жылды тойлауға тыйым салғандықтан, кішігірім оқушыларға демеушілер ұсынған тәтті сыйлықтар таратылды. Ақтөбе қаласындағы «Сбербанк» филиалының директоры Е.Жолмағамбетов пен банк қызметкерлері бастауыш класс оқушыларына ойын бөлмесіне арналған ойыншықтар сыйға тартты.

Жаңа Жыл мерекесі қарсаңында ең әдемі безендірілген ойын бөлмелері арасында байқау өткізіліп, оқушылар, ата-аналар белсене қатысты.

24 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Президенті атынан «Жарқыра, жайна Жаңа жыл, Тәуелсіз қазақ елінде!» атты құттықтау шарасын өткізді. Мерекелік шараға оқуда озат, шығармашылық жетістіктерге жеткен және әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасынан шыққан 5 оқушы қатысты. Мектеп директоры Г.Шакенова Елбасы атынан бағалы сыйлықтар табыстады.

27-28 желтоқсан күндері балалардың көңіл күйін тудыру, Аяз-атаның, Ақша қардың киімдеріне назар аударту, көңілді ойындар ойнату, мерекелік көңіл күй жасау мақсатында жаңа жылдық шаралар өткізілді».

В.С.Габитова Тәуелсіздіктің 30 жылдығына және Жаңа Жыл мерекесі аясында ұйымдастырылған іс-шараларды таныстырып өтті. Қатысушылар тарапынан сұрақтар туындаған жоқ. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Н.М.Сайнғалиева сөз алды:

«Қайырлы күн құрметті әріптестер және ата-аналар. Бүгінгі кеңестегі 2 сұрақ бойынша мекемеде ұйымдастырылған қайырымдылық акцияларына тоқталып өтетін болсам:

○ 19.10.2021 күні «Сбербанк» демеушілеріміз даярлық сынып оқушыларына оқу құралдарын табыстады.

○ 14.11.2021 жылы жеке кәсіпкер демеушіміз қамқоршылықтағы балаларға, аз қамтылған, көп балалы отбасыдан шыққан оқушыларға киім-кешекпен қамтамасыз етті. Жалпы алғанда барлығы 22 оқушыға қажетті киім-кешек үлестірілді.

○ 08.12.2021 күні 1 в класс оқушысы Сәрсенбек Олжас, 2 а класс оқушысы Қайырлы Бекасыл, 2 б класс оқушысы Завпар Жаслан –ға қашықтықтан білім сапасын тексеру мақсатында және әлеуметтік жағдайын бақылау негізінде рейд жүргізілді. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Тулебаева Г.Б, әлеуметтік педагог Сайнғалиева Н.М және инспектор Д.П.Утешов аталған оқушылардың әлеуметтік тұрмыс тіршілігімен танысты.

○ 20.12.2021 күні қамқоршылықтағы балалардың әлеуметтік тұрмыс-тіршілігімен танысу мақсатында 5 «А» сынып оқушысы Алиева Айдананың үйіне тәрбиешісі Сейтжаппарова Гүлдерай мен әлеуметтік педагог Сайнғалиева Назерке барып бақылау жүргізіп қайтты.

○ 21.12.2021 күні «Сбербанк» демеушілері 0-4 сынып оқушыларына түрлі дамытуға арналған ойыншықтар тарту етті.

○ 2021 жылдың 24 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Президенті атынан «Жарқыра, жайна Жаңа жыл, Тәуелсіз қазақ елінде!» атты құттықтау шарасын өткізді. Мерекелік шараға оқуда озат, шығармашылық жетістіктерге жеткен және әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасынан шыққан 5 оқушы қатысты. Мектеп директоры Г.Шакенова Елбасы атынан бағалы сыйлықтар табыстады.

○ 2021 жылдың 9 ақпан күні мектеп ұжымы атынан қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушылар азық-түлікпен қамтамасыз етілді».

Сондай-ақ әлеуметтік педагог Н.М.Сайнғалиева осы уақытқа дейін мекемеде ұйымдастырылған қайырымдылық акцияларына белсене қатысқан

қызметкерлерге өз алғысын білдіріп, бұл игі іс-шара әлде де жалғасын табатынын айта кетті.

Күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша директор Г.К.Шакенова желтоқсан-қаңтар айында мекемеде ұйымдастырылған жұмыстардың есебін мәлімдеді:

«Саламатсыздар ма, қамқоршылық кеңес отырысына қатысушылар. Бірінші кезекте осы отырысқа қатысып отырғандарыңыз үшін өз атымнан алғысымды білдіремін. Желтоқсан-қаңтар айларында жоспар бойынша және жоспардан тыс бірқатар жұмыстар атқарылды. Оның көбісіне әріптестерім нақты тоқталып өтті. Тағы да айта кететінім, мектебіміздегі түзете-дамыту жеке сабақтарға арналған оқу кабинетіне «Мерей» сауда орталығының кәсіпкерлері 1мх 0,5 м көлеміндегі 15 дана жар айнасын сыйлады. Бұл сыйлық есту қабілеті бұзылған балалармен ауызша сөйлеу тілін дамытуда артикуляциялық, дауыс және тіл жаттығуларына маңызы зор қажетті құрал болып табылады. 22 желтоқсанда «Ким» жеке кәсіпкерлік ұжымының атынан біздің ҚК мүшесі Александр Тимурович медициналық кабинетке ОБП2*30 жылжымалы бактерицидтік сәулелендіргіш (кварц) алып берді. Ұжым атынан Александр Тимуровичка рахмет айтамыз.

Сондай-ақ Жаңа Жылдық сыйлықтар алу қаңтар айында да жалғасын тапты. 19 қаңтар күні бастауыш класс оқушыларына «Қазақ саңыраулар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе облыстық филиалының төрайымы З.Н.Телеушова және Қоғамдық бірлестік президиум мүшесі Қ.Исмаилов жаңа жылдық тәттілер мен футбол командасының мүшелеріне спорттық аяқ киім табыс етті.

«Аяла» қайырымдылық қоры көру қабілеті бұзылған балалармен жұмыс жасайтын логопед маманның кабинетіне «Фиолоетовый лес» - «Күлгін орман» дамытушы кілемшесін сыйға тартты.

Қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты, сіздердің қатысуларыңызбен балалардың тамақтану жағдайын бақылау мүмкін болмай тұр. Дегенмен, мекемеміздің дәрігері У.Л.Табанова мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары В.С.Габитова екі күн асхана мәзіріне сәйкес 5 мезгіл берілетін тамақ рационындағы I-II-III тағамдардың құрамына, құнарлығына және өлшеміне бақылау жүргізді.

Сондай-ақ, жеке кәсіпкер колледж оқушыларының шаштараз кабинетіне практикалық сабақтарына қажет құралдар: «MOSER» машинкасы және шаш қиюға және бояуға қажетті құралдар алып берді.

2 ақпаннан бастап қаламыздағы облыстық «Дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорт клубы» МКҚК-ның директоры Г.Н.Картановамен екі жақты келісе отырып, оқушыларымыздың спортпен айналысуға қатыстыру және денсаулықтарын нығайтумен қатар спорт шеберлігін әрі қарай көтеру мақсатында төмендегідей спорт түрлеріне балалар қатыстырылатын болды. Спорт түрлері: жүзу, үстел теннисі, еркін күрес, голбол, жеңіл атлетика. Сондай-ақ, «Қалалық қазақ саңыраулар қоғамы мәдениет үйімен» байланыс орната отырып, сенбі күні оқушыларымызға «Брейк-данс» үйірмесін жүргізуді бастап жаты. Сенбі, жексенбі күндері балалардың шығармашылығын дамыту және бос уақытын ұйымдастыру мақсатында «Fastrakids» балалар орталығының мамандары келіп бейнелеу өнері, шахмат, шашка үйірмелерін жүргізіп жатыр.

4.01-31.02.2022 ж. Аралығында мекеме мемлекеттік аттестация бойынша өзін-өзі бағалау ұйымдастырылып, жүргізілді. Өзін-өзі бағалау ҚР білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 124 бұйрығын басшылыққа алып, бекітілген жұмыс жоспары бойынша жүргізілді. Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің Мемлекеттік жалпы білім беру стандарт талаптарына сәйкестігі, үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-дамытушы орта құру және тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы, оқу жүктемелерінің көлемінің сақталуы, материалдық база мен кітапхана қоры бойынша талаптарға сәйкес екендігі анықталды. Барлық бағыт бойынша жұмыстар 1 ақпан күні қатты дискке салынып, Ақтөбе облысының білім сапасын қамтамасыз ету департаментіне тапсырылды. Мектебіміздің материалдық базасын нығайту бағытына келсем, 2022 жылға мемлекеттік сатып алу жоспары сұранысқа енгізілген. Жоспарда мектеп төбесі мен жылу құбырларын жөндеу, қатты жұмсақ жиһаздар, асханаға, медицина кабинеттеріне арналған жабдықтар бар. Қазіргі таңда төбе мен жылу құбырларын жөндеу мемлекеттік экспертизадан өтіп жатыр. Өз тарапымнан мектепті толық күрделі жөндеуден өткізу қарастырылып жатыр. Дегенмен, жылдық бюджетке алдын ала салынбағасын, бұл жұмыстардың орындалуында қиыншылықтар бар. Алдағы уақытта шешімін табады деп ойлаймыз.

Назарларыңызға рахмет. Бүгінгі отырыста Гулвира Сабетовна, Даметкен Сапарғалиевнаға өз алғысымды айтқым келеді. Біздің бірден бір жанашыр серіктестерімізсіздер. Үнемі қолдау білдіріп жүресіздер. Алдағы уақытта тығыз байланыста жұмыс жасаймыз деп ойлаймын».

Гулвира Сабетовна: «Құрметті Гүлсім Куанышевна, мына сіздің ұжымыңызға еңбек жолында әрдайым сәттілік тілеймін. Қазір ғана, міне, өзіңіздің жұмыс жасаған екі ай уақыттағы есебіңізді беріп жатырсыз. Алдағы уақытта да біз сізбен бірге жұмыс жасаймыз. Біздің алдағы жоспарларымызға қолдау білдіргеніңізге өте ризамын. Тек сәттілік тілеймін».

Гүлсім Куанышевна: «Сізге де үлкен рахмет. Жасалып жатқан жұмыстарымыздың барлығы балалардың мүддесі үшін».

Қамқоршылық Кеңес төрайымы

А.Т.Нурғалиева

Хатшы



Г.К.Борамбаева

«Ақтөбе облыстық есту және көру қабілетінде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені» КММ



Президенттік шырша



2021 жылдың 24 желтоқсан күні Қазақстан Республикасы Президенті атынан «Жарқыра, қайна Жаңа жыл, Тәуелсіз қазақ еліміз!» атты құттықтау шарасын өткізді. Мерекелік шарға оқуда озық, шығармашылық жетістіктерге жеткен және әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалылы отбасынан шыққан 5 оқушы қатысты. Мектеп директоры Г.Шаиевová Елбасы атынан бағалы сыйлықтар табыстады.

